

Алматы Менеджмент Университеті

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ  
ОЗЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

Алматы Менеджмент Университетінің  
35 жылдығына

Алматы,  
ALMAU PRESS, 2023

ӘОЖ  
ККЖ

**ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ:**

А.Б.Қожахметов, Г.Т. Күренкеева, Б.Қ.Сәркеев,  
М.Б.Шиндалиева, Ғ.А.Байтилеуова, Ш.А.Ібжарова, Т.С. Сақтағанова.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Алматы Менеджмент Университеті» Білім беру мекемесінің Ғылыми кеңесі  
баспаға ұсынған (2023 жылғы 26 қазандағы №3 хаттама).

**Сын-пікір берушілер:**

**Матыжанов К.С.** – ҚР ҰҒА корр-мүшесі, М.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының бас директоры  
**Шәріп А.Ж.** – ҚР ҰҒА корр-мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық зерттеу  
университетінің профессоры

«Алаш қайраткерлерінің озық идеялары» ғылыми жинақ / – Алматы: ALMAU PRESS, 2023. – 232 б.

ISBN

«Алаш қайраткерлерінің озық идеялары» атты ғылыми жинақ Алматы Менеджмент Университетінің 35 жылдығына орай шығарылып отыр.

Бұл кітапта Алаш қозғалысының әлемдік өркениет жағдайында алатын орны мен маңызы жан-жақты зерттеліп, сарапталған. ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының қалыптасуының тарихи аспектілері мен оның ұлттық болмыстың қалыптасуына ықпал етуін қарастыра отырып, жинақ авторлары бұл қозғалыстың қазіргі қоғамдағы заманауи көріністерін де талдайды.

Жинақта Алаштың озық идеяларының қазіргі Қазақстандағы және шетелдегі мәдени, саяси және әлеуметтік процестерге ықпалы сарапталған.

Жинақ тарих, саясаттану, мәдениеттану саласындағы зерттеушілерге, мамандарға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және қазақ тарихы мен мәдениетін жаһандық контексте зерттеуге қызығатын қарапайым оқырманға арналған.

ӘОЖ  
ККЖ

ISBN

© ALMAU PRESS

# МАЗМҰНЫ

Авторлар туралы мәлімет .....	5
Рецензенттер мен сарапшылар туралы мәлімет.....	6
Алғы сөз	
Қожахметов А.Б. ....	7
Кіріспе	
Ібжарова Ш.А. ....	9

## Бірінші бөлім.

### АЛАШТЫҢ ОЗЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

<b>Джусупов М.</b> А.Байтұрсынұлы – қазақ және жалпы түркі тілтанымында тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет, тіл материалы ұғымдарының, концепциясының негізін қалаушы.....	12
<b>Ібжарова Ш.</b> Мағжан Жұмабайұлы мен Стивен Ковидің философиялық-педагогикалық көзқарастары: салыстырмалы талдау .....	25
<b>Шиндалиева М., Байтилеуова Ғ.</b> Алаш зиялылары мұрасындағы әлеуметтік, саяси, рухани өмірдің көрінісі .....	34
<b>Есімбекова Б.</b> Мағжан Жұмабайұлы және Януш Корчактың педагогикалық көзқарастарын салыстыру .....	46
<b>Байтилеуова Ғ.</b> Мағжан Жұмабайұлының ағартушылық идеяларының Стивен Кови парадигмаларымен үндесуі .....	55
<b>Нүрпейісов Е., Жүсіп С.</b> Алаш Республикасы саясатындағы федерализм, унитаризм, парламентаризм .....	64
<b>Сақтағанова Т.</b> Жүсіпбек Аймауытұлының ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі .....	78
<b>Сәйдірахман Ұ.</b> Алаш мұраты һәм Мейдзи өзгерісі: саяси үндестігі, идеялық бірлігі .....	83
<b>Әбдиманұлы Ө.</b> Сарапшы пікірі .....	95

## Екінші бөлім.

### АЛАШТЫҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ МҰРАСЫ

<b>Жұртбай Т.</b> Әлихан Бөкейхан және біртұтас Алаш идеясы .....	98
<b>Жұбай О.</b> Алаш және жаңа заман тағылымы. Жаңа бағыттардың Алаш арыстарының еңбегіндегі көрінісі .....	107

<b>Орда Г.</b>	
Алаш мұрасының өміршеңдігі. Әлемдік өркениеттегі маңызы .....	118
<b>Салқынбай А.</b>	
Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларының өміршеңдігі .....	128
<b>Имаханбет Р.</b>	
Ахметтану мәселесі: өткені, бүгіні, келешегі .....	136
<b>Алкебаева Д.</b>	
Халел Досмұхамедұлының ғылыми шығармашылығы .....	149
<b>Балтабаева Г.</b>	
Сарапшы пікірі .....	156

### Үшінші бөлім.

## АЛАШ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

<b>Ысқақұлы Д.</b>	
Мағжан поэзиясындағы түркілік сарын .....	158
<b>Смағұлова С.</b>	
Ұлттық рух пен ұлттық бірлік жолы .....	170
<b>Дәулетбекова Ж. А.</b>	
А.Байтұрсынұлының Абайтануға қосқан үлесі .....	176
<b>Шиндалиева М., Койгельдиева З.</b> «Ақ жол» газетіндегі Алаш қайраткерлерінің мәдениет пен руханият туралы мақалаларының тақырыптық ерекшелігі .....	184
<b>Нұрышева Г.</b>	
М.Әуезовтің «Философия жайынан» мақаласы және қазіргі қазақ философиясы: салыстырмалы талдау .....	199
<b>Құрманбаева А.</b>	
«Айқап» журналы және Алаш зиялылары және әлемдік беталыс .....	206
<b>Алкебаева Д.</b>	
Қошкелі Кеменгерұлының қазақ тіліне арналған еңбектерінің маңызы .....	211
<b>Ибраева Ә.</b>	
Алаш қайраткері Жанұзақ Әлжанұлының «Кедей» газетіндегі редакторлық қызметі.....	218
<b>Махат Д.</b>	
Сарапшы пікірі .....	227

## ҚОРЫТЫНДЫ

<b>Шиндалиева М.Б.</b> .....	228
------------------------------	-----

# АЛАШ МҰРАСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ. ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ МАҒЫЗЫ



*Өз күшіне сенбеген  
адам да, халық та  
ешқашан өмір бәйгесін  
ала алмайды.  
Әлихан Бөкейхан*

**Орда Гүлжаһан,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
Алматы, Қазақстан  
Orda\_68@mail.ru*

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алаш қайраткерлері еңбегінің өміршеңдігі сөз болады. Автор Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Қ.Кемеңгерұлының оқу құралдары мен зерттеу еңбектеріне шолу жасау арқылы олардың бүгінгі қоғам өміріндегі орны көрсетіледі. Алаш арыстарының бірнеше ғылым саласындағы зерттеу еңбектері, оқу құралдары, әдістемелері, әдеби сын мақалалары күні бүгінге дейін құнын жоғалтпағанына назар аударады. Қазіргі әдебиеттанушылар Ә.Бөкейханның «Қалқаман – Мамыр», «Қара қыпшақ Қобыланды» әдеби сын мақалалары мен А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына», педагогика саласындағылар М.Жұмабайұлының «Педагогикасына», психология ғылымын зерттеушілер Ж.Аймауытұлының «Психология» еңбегіне сүйенетіні ғылыми зерттеулерде тұжырымдалады.

## Түйін сөздер:

*әдебиет, оқу құралы, әдістеме, әдеби сын, мақала, педагогика, психология.*

## КІРІСПЕ

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары қазақ мәдениеті мен әдебиетінде тың құбылыстар болды. Бұл кезде қазақ руханияты қарыштап дамыды. «Біздің көбіміз – бәріміз десек те өтірікші бола алман, кәзір универсалмыз. Көп білгендіктен универсал емеспіз, көп міндет жүктегендіктен, амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жұртшылық алдына түспей, білінбей қараңғы, тұйық жатқан мәселелер көп, соларды ашқың келеді, түсінгің

келеді...» (Тоғжанұлы Ғ. 2020), – деп Ғаббас Тоғжанұлы айтқандай, Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік әмбебап болды.

Қазақ қоғамы ХХ ғасыр басында өмір сүрген Алаш арыстарына көп міндет жүктегені тарихтан мәлім. Кенжелеп қалған ғылымды дамыту үшін әрқайсына бірнеше ғылым саласын игеруге тура келді. Олар негізгі мамандығына қоса, бірнеше ғылым саласында аянбай еңбек етті. Себебі, біреуін қаузаса, екіншісі ақсап жатты. Сондықтан да көпшілігі бірнеше тілді игеріп, сол тілдегі еңбектермен танысып, оны қазақ ұғымына сай етіп жазуға ден қойды.

Саф алтын жыл өткен сайын жарқырай түсетіні сияқты, Алаш қайраткерлерінің халық болашағы жолында ұстанған негізгі қағидалары қанша қоғам ауысса да, құнын жоғалтпайтыны мәлім. Ойымызды дәлелдеу үшін кейбір мысалдарды келтіреміз.

### **ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ**

Қазіргі таңда ол дәуір әдебиеті жан-жақты зерттелді. 1920–1930 жылдардағы әдебиет туралы тарауларда ұлттық әдебиеттің даму бағыттары кеңінен қарастырылса, жекелеген қаламгерлердің әдеби мұрасы ғылыми айналымға түсті. Ұжымдық монографиялар мен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық кешенді еңбектің 7-томы аталған кезең әдебиетін зерттеуге арналды. Алаш қайраткерлерінің еңбектері туралы өз замандастары Ғ.Тоғжанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының ой-тұжырымдарына сүйене отырып, қоғам мен замандастар өміріне баға берілді. Тақырыпты зерттеу барысында алаштанушы М.Базарбаев, С.Қирабаев, Т.Бейісқұлов, Қ. Жарықбаев, А.Акажанова сынды ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып ой қорытылды.

### **НӘТИЖЕЛЕР МЕН ПІКІРТАЛАС**

Қазақтың жарқын болашағы үшін бірнеше ғылым саласында қатар қызмет еткен әмбебап қоғам және мемлекет қайраткерінің бірі – Алаш қозғалысының көсемі, Алашорда үкіметінің бірінші төрағасы, демократ, агроном, ормантанушы ғалым, заңгер, инженер, саясаттанушы, білікті де белгілі өлкетанушы Әлихан Бөкейхан.

Түрлі ғылым саласының негізін салған қайраткердің әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегінің ішінен әдеби сынға қосқан үлесін ерекше атаймыз. Әлихан Бөкейхан туралы егемен елімізге алғашқылардың бірі болып толыққанды мағлұмат берген ғалым М.Базарбаев оның әдебиетші екенін А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Крылов, А.П.Чехов, Д.М.Мамин-Сибиряк, В.Г.Короленко шығармаларын сүйіп оқығанынан бастап зерттеген болатын (Базарбаев М. 2005). Әлихантанушы ғалым 1923–1926 жылдары «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Мәскеуде алғы сөзі мен түсініктерін жазып шығарған В.В.Радловтан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай ақын нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қосылып, алғы сөзі мен түсініктерін өзі жазған, қазақтың 400 жылдық тарихын қамти-

тын «Жиырма үш жоқтау» және «Ер Сайын» сынды жинақтарымен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» дастаны, Шахсұлтан Тұяқбаевтың құрастыруымен шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жырының тағы бір нұсқасы туралы, Ә.Диваевтың жинағындағы «Мырза Едіге» жыры туралы, «Қазақ» газетінің беттерінде әр жылдары басылған «Роман бәйгесі», «Ән, өлең мен оның құралы», «Роман деген не нәрсе?» және басқа оннан аса ірілі-ұсақты зерттеу мақаласы арқылы оның білікті әдебиетші болғанын дәлелдесе, «Қобыланды», «Қызды малға сату», «Батыр Бекет» атты зерттеулері арқылы қазақ эпосы мен фольклорын тұңғыш зерттеген фольклортанушы екенін баса айтты. «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген рецензиясында Ш.Құдайбердіұлының аталған еңбегіне мынадай баға береді: «Шаһкәрімнің бұл кітабы – Қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың» (Бөкейханов Ә. 1994). Әлиханнның «Қалқаман – Мамыр» дастанына жазған сынын да ерекше атауға болады. Шығармаға арқау болған махаббат машақаты туралы айта келіп, адам баласы айналып өте алмайтын өлім мен махаббаттың осы шығармаға арқау болғанына көңіл аударады. Дастан туралы ғалымның: «Қалқаман – Мамырда» бұрынғы қазақ жұртының салты, қазақ мінезі, қазақтың ісі-қылығы әлгі орыс өлеңдеріне қарағанда, тіпті аз. Шәкәрім жақыннан қайырылып, ойдағыдай толымды қылып жазбады. Жұрт көзін ашуға «Қалқаман – Мамыр» сияқты өлең өте керек. Рас, біздің қазаққа осы бойымен де «Қалқаман – Мамыр» айтулы жақсы өлеңнің бірі болар» (Бөкейханов Ә. 1994. 295-б.), – деген пікіріне қосылуға болады. Шәкәрімнің аталған шығармалары туралы айтылған пікір сынның алғашқы үлгілері екенін ескеретін болсақ, Ә.Бөкейхан – қазақ әдеби сынын қалыптастырушылардың бірі. Осы қатарда сыншының «Қара қыпшақ Қобыланды» деген сыни мақаласын да ерекше атауға болады. Дастанның әрбір жолына талдау жасай отырып, көңіліне күдік түсірген мәселелерге тоқталды. Оның біріншісі – жыршының Көбіктіні бірде қалмақ, енді бірде хан деп атауы. Сыншы оны «Қобыланды жырындағы Көбікті хан Көкетай болмасын деген ой салады. Егерде ол Көкетай болса, қырғыздың «Манас» жырындағы кейіпкер болып шығуы мүмкін», – деген күмән келтіреді. Екіншісі, «солдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер» (Бөкейханов Ә. 1994. 305-б.) екеніне назар аударып, аталған заттардың сол дәуірмен сәйкес келмейтінін, жыршы тарапынан жырды көркемдеймін деп қосылған сөздер екенін баса айтады. Үшіншісі – жырдың мазмұнына кітап бетіндегі суреттердің үйлеспейді. Тайбурылдың шабысынан мысалдар келтіре отырып, кітаптағы суреттің тұлпар еместігін былай дәлелдейді: «Өзі Тайбурыл, өзі қазан ат сымдай созылатын кітаптың басындағы суретте тіпті көрінбейді. Кітаптағы ат орыстың «тяжеловоз» дейтін жүк аты; шабандығы өгіздің сәл-ақ алдында; жал-құйрығы құшақ айғыр. Жырдағы шын Тайбурыл азбан. Кітапта суреті салынған боз айғырдың бірде-бір мүшесі, жылқылығынан басқа, Тайбурылға ұқсамайды. Суретке қараңыз, осы боз айғыр қалайша сымдай созылмақ?» (Бөкейханов Ә. 1994). Көріп отырғанымыздай, қазақтың кез келген баласы жылқы малын жазбай танитыны анық болса, жырдың мазмұнына суреттің үйлеспей тұруы, әрине, күмән туғызады. Сыншының пікірінше, сурет пен мазмұн бір-біріне үндесіп тұруы қажет. Осы

мазмұндағы келесі ескерту – Қобыланды батырдың суретіне қатысты айтылған сын. Жырдағы «Ұзын бойлы, нұр жүзді, Сымбат бойлы дембелше» батырдың суреті тіптен бөлек. «Кітап бегіндегі суретте Қобылекең бір нашар бақалшы болып саналады. Қазақта мақал бар: «Ат ерінді, ер мұрынды» деген. Суреттегі Қобыланды батыр мұрнынан айырылып, пұштиып тұр. Орыстың үш батырын салған Васнецов шебердің картинасы бар. Бұл ашықхаттың сыртына басылып, 5 тиынға сатылады. Осы орыс батырлардың суреттеріне қарасақ, Қобыланды батырға мінгізген боз айғыр Добрына Никитичтікі, Қобыланды батыр өзі – Алеша Попович, күн салып қарауы Илья Муромец көрінеді» (Бөкейханов Ө. 1994), – деген сыншының пікірі орынды. Бұдан шығатын қорытынды – сыншының әр халықтың шығармаларының мазмұнына сай ұлттық қаһармандарының суретін салуды ұсынуы. Қобыланды батыр мен орыс батырларының арасында титтей де ұқсастық жоқтығын жырдан келтірілген үзінділер де растайды. Жоғарыда келтірілген кемшіліктерге қарап отырып, сыншы талабының жоғары екенін аңғаруға болады.

Ө.Бөкейханның бірнеше ұстанымын тілге тиек етіп, қазіргі өзектілігіне көңіл аударалық.

Біріншісі – *«Алаш жұрты қашан өркениетті дамыған ел деңгейіне жеткенде»* ұлы аңсар үшін бет бұруға болатыны. Бүгінгі тәуелсіз қазақ жұрты да осы мақсатты ұста-

нып отырғаны белгілі. Қазіргі заман талабы кеңестік дәуір тұсындағыдай орыс тілімен шектелуге болмайтынын, әлемдік деңгейге көтерілу үшін ағылшын тілін жетік білу керек екенін алға тартады. Олай болса, Ө.Бөкейханның бұл ұстанымы бүгінгі тұста да өзектілігін жоймағаны анық.

Екіншісі – *«Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді»* (Базарбаев М. 1995), – деген ұстанымы. Бұл ұстанымды Егемен қазақ елінің тәуелсіз азаматтары жүзеге асыра алды ма? Тәуелсіздікке дейін Ресей империясының отарында болғанымыз белгілі. Жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан біздің замандастарымыз табиғаттың бір бөлшегі саналатын жер мен суды, ауаны Алла тағаланың жаратқанын, оған екі аяқты пенделердің өмірі жүрмейтінін ұмытып кеткен тәрізді. Олай болса, біз Ө.Бөкейханның бірінші ұстанымын шын мәнісінде жүзеге асыра алмай отырмыз. Алдыңғы қатарлы дамыған елдің қатарына қосылу үшін біз осыдан бір ғасыр бұрын жарғақ құлағы жастыққа тимей халқым дегені үшін «халық жауы» атанған алашшылдардың негізгі ұстанымын жүзеге асыруымыз керек.

Үшіншісі – *«Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек»*. Бұл ұстаным жерасты, жерүсті байлығымыздың барлығы дерлік осы жердің иесі болып саналатын қазақ халқының игілігіне жұмсалуды

---

*Біріншісі – «Алаш жұрты қашан өркениетті дамыған ел деңгейіне жеткенде» ұлы аңсар үшін бет бұруға болатыны.*

---

---

*Екіншісі – «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді» (Базарбаев М. 1995), – деген ұстанымы.*

---



керектігін байқатады. Бұл бағытта не істеп жатырмыз? Ақ алтынның ортасында, қара алтынның үстінде отырған қазақ халқының бүгінгі әл-ауқаты, Шерхан Мұртазаның сөзімен айтқанда, «Алтын сандықтың үстінде жалаңбұт отырғанмен бірдей».

Төртіншісі – *«Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі»*. Бұл тұрғыда не тындырып жатырмыз? Қазіргі таңда ел экономикасы түзелді, халықтың тұрмысы қалыпқа келді деуге болады. Иә, халықтың жағдайы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығымен салыстырғанда дұрысталды. Дегенмен, қазақ халқының басым көпшілігі елді мекендерде, дәлірек айтсақ, шалғай ауылдарда тұратыны белгілі. Ал сол бауырларымыздың жай-күйі қандай? ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан замандастарымыздың ауыз су мен жарыққа мұқтаж екені бүгінгі таңда ғасыр дертіне айналып отыр.

Бесіншісі – *«ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы»*. Ұлттығымызды сақтап қалу жолында қандай шаралар жүзеге асырылуда? Бізде ақпарат құралдарын ұлттық мүддеге жұмсау жағы кемшін. Қазір арзан күлкі мен ойын-сауыққа баса көңіл бөлуді шығардық.

Алтыншысы – *«тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру»*.

Біз – жаңалыққа жаны құмар халықпыз. Қазір де жаһанданудың пайдасы мен зиянын салмақтап жатпай-ақ, жанұшыра кірісіп кеттік. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді ұмытсақ, ұлттығымыздың жоғалғаны емес пе?

Жетіншісі – мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі жөніндегі *«Мен дінім үшін шайтанмен де жұмыс істеуге әзірмін»* деген ұстанымы – қай дәуірде де өзектілігін жоймайтын мәңгілік мұраттың бірі. Жалпыадамдық мұраттардың ислам дінімен тоғысып жатқанын ескерсек, иманы берік халықтың ғана жолы даңғыл болмақ. Ә.Бөкейханның халқы үшін, ұлты үшін жасаған осындай еңбектерін замандасы А.Байтұрсынұлы «Достыма» деген өлеңінде:

«Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай!  
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай.  
Үйілген өлексені өрге сүйреп,  
Шығармақ қыр басына іңкөрің-ай», –  
деп бейнелеген (Байтұрсынұлы А. 2003).

Бұл – Әлиханға осыдан бір ғасыр бұрын берілген баға. Негізгі мамандығы ормантанушы, заңгер бола тұрып, тарих, экономика, этнография, әдебиеттану, журналистика сынды ғылым салаларының қалыптасуы мен дамуына қомақты үлес қосқан ғалымның өмір жолы ауыр болғаны белгілі. Илиястанушы ғалым Тоқтар Бейісқұловтың пікіріне сүйенсек, сол тұста «Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған, оның 66 мыңы – қазақ зиялылары, ал 25 мыңнан астамы атылған» (Бейісқұлов Т. 2014). Осы тізімнің ішінде Ә.Бөкейхан да болды. Кезінде ұлтын сүйген ұл жөнінде замандасы Қошкө Кемеңгерұлы: «Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл Әлиханға қара тұрмыстың кіріне былғанып, саясат сандалына түскенше пән жолына түсіп, жоспар көрсету керек еді. Саясаттың бұлтақ, сұлтағы көп, ол алдауды керек қылады.

Әлиханға бұл мінез жоқ. Расында Әлихан саяси іске езілген елі үшін амалсыздан кірді. Ұлтын өте сүйген жүрегі, біраз жыл Әлиханның тума пікіріне қарсы жолдарға да түсірді. Басқа жұрттардың басшылары тырым-тырақай болып шет патшалықтарға шығып кеткенде, Әлиханның қоныс аудармай қалуы да – елін сүйгендікке дәлел» (Кемеңгерұлы Қ. 1996), – деген еді. Қ.Кемеңгерұлы «егер оқулық жазумен айналысқанда, Әлиханның өмірі басқаша болар ма еді, саясатқа араласудың қажеті жоқ еді» дегенді айтып отырғаны белгілі. Бірақ «Психологияны» жазған Жүсіпбек, «Педагогиканы» жазған Мағжан, «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Қазақша-орысша тілмаш», «Жавропалықтар үшін оқу құралы» тәрізді бірнеше зерттеу мен оқулық жазған Қошкелердің сталиндік репрессиядан аман қалмағанын ескерсек, саясаттың құрығынан ешкімнің де құтыла алмайтынын Алаш зиялыларының өмір жолы көрсетті емес пе?

Алаш қайраткерлерінің әр ғылым саласындағы еңбектерінің қатарында ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Әліпби», «Тіл – құрал», «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», Т.Шонанұлының «Жаңалыққа жетекші», «Диagramдар – графиктер қандай болады» деген кітаптар мен «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі», Ж.Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау», «Комплекспен оқыту жолдары», 2-сыныпқа арналған «Жаңа ауыл», М.Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте – ана тілі», «Сауатты бол», «Қызыл әскер әліппесі», «Педагогика», Қ.Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш», «Жавропалықтар үшін оқу құралы», «Жат тіл оқыту әдісі», Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы: бірінші жылдық», «Есеп құралы: екінші жылдық», Ө.Ермековтің «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» оқулығы («Курс высшей математики основы аналитической геометрии дифференциального интегрального исчисления»), «Қазақ тілінің математика терминдері» сөздігі мен оқу-әдістемелерін, оқулықтарын атауға болады. Астрономия, жағырапия, педагогика, анатомия, зоология, математика, физика, геометрия, арифметика, жаратылыстану, психология, дидактика, тіл білімі, әдебиеттану саласында қазақ ұғымына сай қазақ тіліндегі оқулықтар жарық көрді. Бұл оқулықтар мен оқу құралдарында қазақ балаларына бірнеше ғылым саласы бойынша білім беру көзделді.

Бірнеше ғылым саласында еңбек еткен ғұламаның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Мемлекет және қоғам қайраткері қазақ поэзиясы мен журналистикасының қалыптасуына мол үлес қосты. Ақынның «Маса» жинағы жөнінде замандасы М.Дулатов: «Өз өлеңдерінде А.Б. ғашықтық туралы, әйел туралы, табиғат туралы жырламайды, онда қанатты көпірме сөздерге құрылған өлең үлгісі де жоқ. Ол қарапайым, нағыз қазақ тілінде бостандық, ұлт туралы – қазақ

---

*Астрономия, жағырафия, педагогика, анатомия, зоология, математика, физика, геометрия, арифметика, жаратылыстану, психология, дидактика, тіл білімі, әдебиеттану саласында қазақ ұғымына сай қазақ тіліндегі оқулықтар жарық көрді. Бұл оқулықтар мен оқу құралдарында қазақ балаларына бірнеше ғылым саласы бойынша білім беру көзделді.*

---

халқының қанауда, артта қалғаны жайлы жырлап, оны оқуға, еңбекке және ұйқыдан оянуға шақырады, әрбір қазақтың бойындағы азаматтық сезімді оятуға ұмтылады» (Дулатов М. 1922), – деген болатын. Ақын еңбегінің зая кетпегенін ХХІ ғасырда академик С.Қирабаев: «Ахметтің «Масасы» талай елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті. Қазақтың ағартушылық, демократтық әдебиеті жаңа заманның талап-тілегіне орай толыса, кеңейе түсті» (Қирабаев С. 2007), – деп бағалады. Замандастары мен ғалымдар айтқандай, ақын поэзиясымен ел өміріндегі өзекті мәселелерге үн қосты. Өскелең ұрпақтың сауатын ашу бағытында көп еңбек етті. Ұзақ жыл бастауыш сынып пен жоғары оқу орнында жұмыс істей жүріп, қазақ балаларына не қажет екеніне көзі жетті. Оқушыларға нені, қалай оқытуды зерттей жүріп, алдымен бастауыш сынып оқушыларының сауатын ашуды көздеді. Сондықтан балалар мен оқытушыларға аса зәру деген «Оқу құралы», «Әліпби», «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» сынды еңбектер жазды. Жоғары оқу орнының филология факультетінде дәріс оқи жүріп, әдебиеттану мен тіл білімінің негізін қалады. «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану ғылымының бастау көзі болса, «Тіл – құрал» – тіл білімі саласындағы алғашқы зерттеу.

Осындай әмбебап қайраткердің бірі – Мағжан Жұмабайұлы. Оның «Педагогика» (1922), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Сауатты бол» (1926), «Сауатты бол» (1930) оқу құралдары қазақ баласының сауатын ашудан, педагогика ғылымына сүйене отырып баланы тәрбиелеуден туған. «Педагогика» еңбегінің «Сөз алдында» (Алғы сөз) автор былай дейді: «Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым (көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері)» (Дулатов М. 1922). Педагогика саласындағы зерттеу еңбектерді салыстыра отырып, қазақ ұғымына сай жазылған еңбек 1922, 1992, 2022 жылдары жарық көрді.

Мағжантанушы ғалым Ш.Елеукенов Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегі жөнінде: «Мағжан стилистикасына ешқандай өзгеріс енгізілмеді. Мәселен, жиырмасыншы жылдардың басында «тәрбиелеу» демеі «тәрбие қылу» деп жазады екен. Міне, мұндайға қол сұққанымыз жоқ. Архаикаға шығып кеткен кей сөздерді ұшыратқанда, оларды қазір де пайдалануға болмас па екен деген ойға қалдық» (Елеукенов Ш. 2008. – 393-б.), – дейді. ХХ ғасыр басында жазылған «Педагогика» осы саладағы алғашқы еңбек екенін сол сала мамандары бүгінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерді салыстыру барысында Мағжанның тыңға түрен салғаны анықталды.

Әмбебап Алаш қайраткерінің бірі – Міржақып Дулатұлы. Оның 1909 жылы «Шарх» баспасынан шыққан «Оян, қазақ» кітабы сол кездің өзінде бірнеше тілге аударылып, өзге елдерге үлгі-өнеге болғанын міржақыптанушы М.Әпсеметов өз еңбектерінде айтқан болатын. Жинақ Кавказ, Қырым, Түркия, Жапонияда сұранысқа ие болып, 1917-1918 жылдары Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Ататүрік билікке келгенде профессор Тайыр Шағатайға

«Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аударуға тапсырма береді. Түркияның Анкара қаласында 1930 жылы басылған аударманы «Оян, түрік!» деп атаған. Оларға Міржақыптың «оян» мотивін бірінші болып қолдануы, халықты оятуға, ілім-білім үйренуге шақыруы ұнағаны осыдан-ақ көрінеді. Бұл туралы ғалым былай дейді: «1994 жылы Түркияға шақырумен барып, Ыстамбұл университетінде Міржақып туралы баяндама оқыдым. Баяндама соңында бір түрік ақсақалы келіп, қолыма түрік тіліне аударылған «Оян, қазақ!» кітабын ұстатты» (Дулатұлы М. // Аңыз адам. 2013).

«Серке» газетіндегі М.Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» мақаласынан кейін газетке қатыстылар жауапқа тартыла бастағанда баспагер Әбдірашид Ибрагимов газеттің барлық мұрағатын Жапонияға алып кетеді. «Оян, қазақ!» жинағына еліктеп, жапондардың «Оян, жапон!» деген кітап шығарғанын, ақынның «оян» мотивімен көптеген елдің оянуға бет бұрғанын баса айтады (Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2002. 84-б). Ақынның «Оян, қазақ!» жинағы тек қазақтарды ғана емес, түркі тектес халықтармен бірге әлемнің басқа да халықтарын оятуға түрткі болғанын келтірілген мысалдардан көруге болады.

Жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеуде Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) оқу құралдарын жазып шықты. Бұл еңбектер ХХ ғасырдың басында психология деген пәнді оқытуда қазақ балаларына ауадай қажет оқулықтар болды. Автор педагогикалық негізде жазылған «Психология» еңбегінің алғы сөзінде «Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады. Жан деген не? Сана деген не? Дін, Құдай, адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық, әдет, салт, мінез, түс көру... сықылды мәселелер психологияда ашылды. Қарапайым адамның ақылы, ойы жетпей жүрген, сағым тәрізді көрінген нәрселер осы кітапта қаралады, себептері, сырлары айқындалады. Бұлардан хабары болу, ақыл-ойына ерік беру кімге болса да керек-ті» (Аймауытов Ж. 2013), – дей келіп, осы айтылғандарды балаларға түсіндіруде қазақ тұрмысынан мысалдар келтіреді.

«Психология» еңбегінде адамның дене мүшелері, олардың физиологиялық қызметі, жүйке салалары туралы жазғанда физиолог И.П.Павловтың жоғары нерв қызметі мен сананың пайда болып, дамуы туралы ілімін, неміс ғалымы Гельмгольцтың үш түрлі түйсікті айыратын элементтердің бар екенін баяндайтын ілімін негізге алған (Жарықбаев Қ.Б. 2000.135-б. Ал «әдет» туралы айта келіп, «әдет – адамның екінші табиғаты» екенін Шекспир, Дарвин ілімімен түсіндіреді (Аймауытов Ж. 2013).

Ж.Аймауытұлының бұл еңбегі психология тарихының дамуына, педагогика-психология білімінің қалыптасуына көп үлес қосты. Бұл ғылым саласы күні бүгінге дейін осы саладағы алғашқы еңбекті негізге алып келеді. Оның «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегі туралы психология ғылымының маманы А.Ақажанова: «Ж. Аймауытұлының «Жан жүйесі және өнер таңдау» деп аталатын еңбегінде көрнекті шетел психологтары Джеймс, Мюнстерберг, Штерннің, т.б. жасаған тәжірибелеріне сілтеме жасай отырып айтқан ойларының күні бүгінге дейін маңызын жоймағанын байқатады» (Ақажанова А.Т. 2011), – деген болатын.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, бір ғасыр бұрын жазылған еңбектердің барлығы күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Авторлар қай ғылым саласынан оқулық жазса да, өзіне дейін жарық көрген оқулықтармен жақын танысып, ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ ұғымына сай етіп жазды. Мемлекет және қоғам қайраткері Ө.Бөкейхан – астрономия мен жағрафия, М.Жұмабайұлы – педагогика, Х.Досмұхамедұлы – анатомия мен зоология,

Ж.Аймауытұлы – психология мен дидактика, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төреқұлұлы – тіл білімі, М.Әуезов әдебиет саласында оқулықтар жазды. М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Ә.Ермекұлы – математика, Ф.Ғалымжанұлы – физика, Б.Сәрсенұлы – геометрия, И.Тұрғанбайұлы – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану пәндері бойынша орыс тілінде жазылған оқулықтарды қазақ балалары үшін ана тіліне аударды. Қазақ тұрмысынан келтірілген

*Мемлекет және қоғам қайраткері Ө.Бөкейхан – астрономия мен жағрафия, М.Жұмабайұлы – педагогика, Х.Досмұхамедұлы – анатомия мен зоология, Ж.Аймауытұлы – психология мен дидактика, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төреқұлұлы – тіл білімі, М.Әуезов әдебиет саласында оқулықтар жазды. М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Ә.Ермекұлы – математика, Ф.Ғалымжанұлы – физика, Б.Сәрсенұлы – геометрия, И.Тұрғанбайұлы – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану пәндері бойынша орыс тілінде жазылған оқулықтарды қазақ балалары үшін ана тіліне аударды.*

мысалдар оқушылардың қабылдауына жеңіл, тілі ұғынықты болды. Халқының, ұлтының жарқын болашағы жолында жанкешті еңбек еткен Алаш арыстарының өмірі мен қызметін насихаттаудың өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде атқарар қызметі зор. Олар – Ұлы дала өркениетін өз еңбегімен, білімімен көрсете білген ғалымдар.

Тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттігін сақтап қаламыз десек, Әлихан айтқан қағидаларды жүзеге асыруымыз керек. Сонда ғана қазақ елі мәңгілік мұраттарға қол жеткізбек. Осылардың барлығы Алаш мұрасының өміршеңдігін көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. IV том. – Оқулықтар («Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау»). – Алматы: Ел - шежіре, 2013. – 380 б.
2. Ақажанова А. Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 126 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
4. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 509 б.
5. Базарбаев М. (С.Аққұлұлымен бірге). Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995.
6. Бейісқұлов Т. Құлагер ақынның қазасы. – Алматы: Тоғанай Т, 2014. – 232+16 бет жапсырма.

7. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
8. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов. Биографический очерк / Труды общества изучения Киргизского края. – Оренбург, 1922.
9. Дулатұлы Міржақып // Аңыз адам. – 2013. – №3. – 52 б.
10. Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 393 б.
11. Жарықбаев Қ.Б. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. – Алматы, 2000.
12. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. «Тарихи тұлғалар» сериясы. – Алматы. Қазақстан, 1996. – 296 б.
13. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап: Оқу құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 455 б.
14. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы. Кіт.: Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. Т. 5. – 464 б.
15. Педагогика /Алғы сөзін жазып, баспаға дайындаған – Ш.Р.Елеукенов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.б.
16. Тоғжанұлы Ғ. Абай. Монография. – Алматы: Шабыт, 2020.– 168 б.